

БЕКІТЕМІН

**Нұр-Сұлтан қаласы
әкімдігінің «Білім беруді
жаңғырту орталығы»
МКҚК басшысы**

С.Мадеев

«24» 09 2021ж.



**«ҮЗДІК ЖАС ПЕДАГОГ» атты
ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «Үздік жас педагог» конкурсының (бұдан әрі – «Конкурс») мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін айқындайды.

Байқаудың ұйымдастырушылары – «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК, Білім басқармасы мен Нұр-Сұлтан қаласы «Әділет» Білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізіледі.

Байқауды өткізу мерзімділігі - жылына бір рет.

Конкурс туралы ақпарат Нұр-Сұлтан қаласы «Білім беруді жаңғырту орталығының» және «Әділет» Білім беру қызметкерлері кәсіподағының сайтында орналастырылады.

Мақсаты:

- жас педагогтар арасынан талантты және шығармашыл педагогтарды анықтау;

Міндеттері:

- педагогтердің шығармашылық ізденістерін, олардың одан әрі зияткерлік және кәсіби өсуін ынталандыру;

- жас педагогтардың үздік тәжірибесін тарату;

- ТжКБ педагогтерінің имиджін арттыру.

II. КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

2.1. Жалпы білім беретін және арнайы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері. Қатысушының педагогикалық өтілі 3 жылға дейін, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдануы талап етіледі.

2.2. Әр ұйым 3-ке дейін қатысушыны ұсына алады.

2.3. Байқаудың тілі-қазақ, орыс.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен конкурстың қазылар алқасы құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мен қазылар алқасы Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен бекітіледі (келісім бойынша)

3.3. Қазылар алқасы Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасының, Білім беруді жаңғырту орталығының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, «Әділет» педагогикалық қызметкерлерінің қалалық кәсіподағының, тәжірибелі педагогтардың, кәсіби педагогикалық шеберлік конкурстарының жеңімпаздарының, әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен құрылады.

IV. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

1 кезең-өтінімдерді тіркеу. Конкурсқа қатысушылар өтінімдерді 2021 жылдың 20 қазанына дейін конкурстың tipokonkurs@mail.ru электрондық поштасына жібереді. Үш жұмыс күні ішінде олардың өтінімдері жіберілген e-mail-ге материалдарды алғаны туралы растау келіп түседі.

Қосымша ақпарат алу үшін байланыс телефондары: 8 (701)5068939, 8(701)6447318.

2 - кезең-конкурстық материалдарды сараптау- 2021 ж. 21-26 қазанға дейін;

3 кезең - конкурстың қорытындысын шығару-2021 ж. 29 қазанда.

Конкурстық тапсырмалар

1. «Менің мамандығым – педагог» визиттік карточкасы.

Конкурсқа қатысушының визит карточкасы педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және сабақтан тыс қызмет нәтижелерінің динамикасы туралы түсінік береді. Сөз сөйлеу 3 минуттан аспау қажет.

Бағалау критерийлері:

- Педагогикалық қызмет туралы мәліметтердің қысқалығы мен сыйымдылығы (3 б.);
- Педагогтың жетістігі (10 б.);
- Эстетика және материалды беру мәдениеті (3 б.);
- Ерекшелік және қабылдауға тиімділігі (5 б.)

2. Жанашыл технологияларды және сандық ресурстарды қолдана отырып, жаңа оқу материалын түсіндірудің үзіндісі (10-15 мин)

Бағалау критерийлері:

- тақырыпты ашудың инновациялылығы мен тереңдігі (5 б.);
- материалды ұсынудың әдістемелік тәсілдерінің әртүрлілігі, орындылығы және бірегейлігі (5 б.);
- студенттер қызметінің жоғары қарқындылығын құру және қолдау білігі (5 б.);
- дербес іздестіру қызметін ұйымдастыра білу (5 б.);
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті (5 б.).

3. Менің лайфхактарым. Шығармашылық тапсырма.

Бағалау критерийлері:

- білім беру және әдістемелік құндылығы (5 б.);
- ұсынылған инновациялардың жаңалығы (бірегейлігі) (5 б.);
- оқу үрдісінде кеңінен қолдану мүмкіндігі (5 б.);
- қолдану тиімділігі (5 б.);
- ақпарат беру мәдениеті (5 б.).

Конкурстық материалдар қатысушыларға рецензияланбайды, қайтарылмайды. Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қабылданбайды.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

5.1 . Конкурстың барлық кезеңдерінің нәтижелері бойынша жинаған балл санына сәйкес орындарды бөлу.

5.2 . Жеңімпаздарды марапаттау Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі.

5.3. Байқау нәтижесі бойынша «Үздік жас педагог» (1,2,3 орын) жеңімпаздары мен «Креативті жас педагог», Білімді жас педагог», «Талантты жас педагог" номинациялары бойынша жүлдегерлер анықталады.

5.4. Байқау жеңімпаздары Нұр-Сұлтан қаласының Білім беруді жаңғырту орталығы мен Нұр-Сұлтан қаласының «Әділет» педагогикалық қызметкерлері кәсіподағының дипломдарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

5.5. Конкурстың барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталады.

ЕРЕЖЕДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. Визиттік карточка-адам немесе ұйым туралы маңызды ақпараттың дәстүрлі тасымалдаушысы

2. Әдістеме-оқытушылық қызмет нәтижесінде зерттелген және сыналған әдістердің, әдістердің жиынтығы.

3. Сабақ-оқушылардың зерттелетін материалды (білім, білік, дағды, дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық идеялар) меңгеруі мақсатында оқытуды ұйымдастыру нысаны.

4. Білім беру технологиясы-процеске қатысушыларға қолайлы жағдай жасау кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін білім беру процесін жобалау, ұйымдастыру, бағдарлау және түзету бойынша оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетінің технологиялық жүйесі.

5. Ресурстық қамтамасыз ету-білім беру мақсатына қол жеткізу үшін оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық, ақпараттық құралдардың жиынтығы.

6. Инновация-бұл процесс тиімділігінің сапалы өсуін қамтамасыз ететін енгізілген жаңалық. Бұл адамның зияткерлік іс-әрекетінің, оның қиялының, шығармашылық процесінің, рационализациясының түпкі нәтижесі.

7. Лайфхак (лайфхакинг, ағылш. life hacking) - "өмірдің қулықтары", пайдалы кеңестер, белгілі бір әрекетті орындау және мақсатқа тезірек және оңай жету әдісі.

**Нұр-сұлтан қаласының техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарының оқытушылары үшін «Үздік жас педагог – 2021»
байқауына қатысуға өтінім**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) _____
2. Туған жылы, айы, күні _____
3. Білім беру ұйымы _____
мекен-жайы: қала _____ көше _____ телефон _____
e-mail _____ (міндетті түрде көрсету)
4. Білімі (оқу орны, бітірген жылы, мамандығы) _____
5. Қатысушының біліктілік санаты _____
6. Педагогикалық еңбек өтілі _____
7. Конкурса мәлімделген оқытылатын пән _____

Толтырылған күні _____

Қатысушының қолы _____

Директор _____ қолы _____

Аты-жөні _____